

Менгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №1

08.09.2022ж

Катыскандар: 12

Күн тәртібінде:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» туралы
2. 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы;
3. Жалпы ата-аналар жиналышын өткізу дайындық жұмыстары;
4. 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талдау;
5. Бастапқы мониторинг. Балалардың біліктегі мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

1. Тындалды: Бірінші мәселе бойынша «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша менгерушісі З.Аирсеитова сөз алды.

2022-2023 оқу жылдарының жылдық жоспарына сай балабақшада «Жаңа оқу жылына дайындық» шолу тексеру жүргізілді. Тексеру барысында балабақшаның, топтардың тазалығы, құрал-жабдықтары, балалардың жатын орындары, тәрбие жұмысына керекті заттары, ыдыс-аяқтар, олардың саны, ойыншықтар, бөлменің жабдықталуына көніл бөлген. Топтарда гүлдер көп. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, топтар өз деңгейінде жабдықталды. Мейірбике Т.Сариеева балаларға арналған алғашқы көмек көрсету құралдарының дайын екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес күн тәртібі, Үлгілік оқу бағдарламасына сай ҰІӘ түзілген. Биылғы стандарттың ерекшелігі күн тәртібі сол алдынғыдай қалады, ұйымдастырылған оқу қызметі емес ұйымдастырылған іс әрекеті болып өзгертілді. Уақыт шектеусіз. Барлық іс әрекет ойын түрінде кіріктіріліп жүргізілетіндігін айттып өтті.

2. Тындалды: Екінші мәселе бойынша 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы әдіскер Ж.Кулыншакова сөз алды.

2022 жылғы 27 тамыздағы №24 н-к бұйрығына сәйкес мерекелік іс-шаралардың жоспары бекітілген. Осы бекітілген жоспар бойынша тәрбиешлілер ҰІӘ, іс-шара өткізді. Ересек «Күншуақ» «Ата заңым ардағым» тақырыбында іс-шара өткізді. Балаларға конституция туралы түсінік берілді. Балалар ән айттып, би билеп, тақпақ айтты. Ортаңғы «Ботақан», «Балапан» топтарында ҰІӘ өткізді. Балалар тақпақтарын айттып, сұрақтарға жауап берді.

«Білім күніне» орай ортаңғы және ересек топтарда ҮІӨ өтті.

Ерте жас «Балапан»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	Ж.Телемисова А.Ташкенбаева
Кіші жас топ «Бұлдіршін»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	Суелбаева К З.Булекбаева
Ортаңғы «Ақбота»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	Г.Шалатаева К.Утегенова
Ортаңғы «Айгөлек»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	Айтуреева Л Н.Қалдыбай
Ересек «АҚҚҮ»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	Сейтханова Н Уразбаева А

Балаларға Білім күні туралы түсінік берілді. Сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың білімдері қорытындыланды.

Сөйлегендер: Балабақша менгерушісі З.Амирсеитова Конституция күнінің іс-шарасы орташа деңгейде өткендігін, дайындық аз екенін, балалар тақпақтарын ұмытып қалғандығын айтты. Материал аз. Осыдан кейінгі іс-шараларға жауапкершілікпен қарап, жақсылап дайындалып өткізулерін айтты.

3. Тыңдалды: Келесі мәселе жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы балабақша маенгерушісі З.Амирсеитова айтып өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы мүмкіндігі т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Алдымен биылғы оқу жылының ата-аналар комитетін сайладап алу, қажет. Әдіскерге ата араларды балабақшаның жылдық жоспары және оның мақсат-міндеттерімен таныстыруды, мейірбике Т.Сариева балабақша ас мәзірі мен дene шынықтыру шаралары туралы баяндама дайындауды тапсырды. «Зорлық зомбылық қоғам» тақырыбында презентация дайындалап, әңгіме жүргізу керектігінде айтып өтті.

Сөйлегендер: мейірбике Т.Сариева, бізді жылда ата-аналарды балабақша ас мәзірі мен шынықтыру шараларымен таныстырамыз. Ата-аналар балалардың тамақтану сапасы, мен ас мәзіріне көнілдері толады. Өз ризашылықтарын білдіреді. Көптеген балабақшалармені салыстырып, біздің мәзірімізді ұнатып, балаларды құнарлы әрі пайдалы тамақтандырады деп бізге алыш келеді.

4. Тыңдалды: 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талқылау туралы балабақша менгерушісі: З.Амирсеитова сөз алды. «Республика күні» мен «Алтын күз» мерекелерінің сценарийлері жазылып, бекітілсін. Тақырыпқа сай ән, би, тақпақтар жаттатып дайындық жұмыстары жүргізілсін. Балалардың бойында мерекелік көніл-күй тудыратындей, ата-аналардың көнілінен шығатындей етіп үйымдастыру керектігін айтып өтті.

5.Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторинг туралы әдіскер А.Сыдыкова айтты өтті.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг міндеттері, МДҰ білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, МДҰ ұсынатын қызметтінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өндөу және талдау.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарты талаптарын;
 - Ұйымдастырылған іс әрекет барысының мазмұнын;
 - Бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерінің білуі;
 - Мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін, баланың баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін игеруі қажет. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейінің болуын қарастырады. Осы бағалау деңгейі бойынша топтардың қорытындысы.
 1. Ересек «Ақку» тобы – I-1, II-15, III-9
 2. Ортаңғы «Ақбота» тобы-
 3. Ортаңғы «Айгөлек» тобы
 4. кіші жас «Бұлдіршін» тобы
 5. Ерте жас «Балапан» тобы-

Шестімі:

1. Балалардың білім, білік дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты тәрбиешілер.

2. Жалпы ата-аналар жиналышы дұрыс үйімдастырылып, өткізілсін.

Жауапты: тәрбиешілер.

3. 25 қазан-Республика күні мен «Алтын күз» мерекелеріне дайындық жұмыстары талапқа сай жүргізіліп, өткізілсін.

Балабакша менгерушісі:

3.Амирсеитова

Хатын-Джыныс Ж.Кулышакова



Кезектен тыс педагогикалық көнсөхаттамасы №2

15.09.2022ж.

Катысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ж.Кулыншакова сөз алды. Ол кісі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1-қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауы туралы балабақша қызметкерлеріне үгіт насиҳат жасады.

Был біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біз "Азамат — бизнес — мемлекет" арасындағы қатынасты түбебейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам иғілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

Келесі маңызды мәселе — білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады.

Қазақта "Ел боламын десен, бесігінді түзе" деген сөз бар.

Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек.

Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн.

Оз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет.

Енді мемлекетіміздің және қоғамның барлық саласын жаңғырта түсуге тиіспіз. Саяси реформалар "Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет" формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым — қоғамымыздың мызғымас тұғыры.

Реформалардың мазмұны жан-жақты толыға бермек.

Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз.

"Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні — осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл — еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елдігіміздің қорғаудың ең басты жолы — берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір женмен қол шығара білуіміз керек.

Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді.

Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біrtіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет.

Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мұддесіне сайжұмыс жүргізуіміз керек.

Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін кейінге қалдырмай шешу аса маңызды. Ол үшін алдағы сайлау кезендерін тиімді жоспарлау қажет.

Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс екенін баршаңыз білесіздер.

Жаңа стратегияға сәйкес басты мемлекеттік институттарды кешенді түрде қайта жаңғыруға кірісу қажет деп санаймын.

Бұл қадам бізге әр азamatымыздың әл-ауқатын арттыру және бүкіл елімізді өркендету жолындағы ортақ жұмысты жандандыруға мүмкіндік береді.

Билік өзінің жоспарын қоғамнан жасырын ұстайтын саяси дәстүрден арылуымыз керек. Сондықтан, мен бүгін алдағы сайлау науқандарының кестесін барша халыққа жариялағым келеді.

Мен үшін мемлекет мұддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын.

Сондай-ақ, мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзактығын қайта қарau қажет деген байламға келдім.

Президент мандатын ұзактығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ, қайта сайлануға тыйым салынады.

Бұл бастаманың негізі қандай? Бір жағынан, 7 жыл — кез-келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру үшін жеткілікті кезең. Екінші жағынан, Президент мандатын бір мерзіммен шектеу Мемлекет басшысының жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге барынша жұмылуын қамтамасыз етеді.

Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үдерістер мен ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн өткен сайын артып келеді.

Мен ұсынып отырған конституциялық жаңалық билікті монополизациялау қаупін айтарлықтай азайтады. Дәл осы себепті, мен президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын енгізуі ұсынып отырмын. Біз билікті жасақтаудың және оның қызметін қамтамасыз етудің өркениетті қағидаттарын бекітуге тиіспіз.

Жаңа президенттік жүйе саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыштың қазақстандық ұлгісін орнықтырады. Президентті бір мерзімге ғана сайлау нормасын сайлаудан кейін Парламенттің қарауына ұсынамын. Парламент оң шешім қабылдаса, Отанымызда жаңа саяси дәуір басталады.

Шешімі:

1. Қазақстан Республикасының президенті Қасым Жомарт Тоқаев Жолдауын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Балабақша менгерушісі:



З.Амирсеитова

Хатшы:

Ж.Кулыншакова

Менгеруші жаңындағы көңес

Хаттама №3

23.11.2022ж

Катысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы;
2. Откен іс-шараларды талдау;
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс өрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
4. Баяндама: «Балабақшада инклузивті білім беру».

1. Тындалды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргіту үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы ата-аналар жиналышы өтті. Күрметті ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, балабақша өміріне белсенді араласып тұратын ата-аналар комитетінің төрағасы немесе төрайымын және мүшелерін сайлап алу керектігін айтты. Жалпы комитеттің жұмысымен және жалпы міндеттерімен таныстырылды. Ата-аналар ұсыныстары бойынша ата-аналар комитетін үйімдастыру болып табылды. Ата-аналар комитетінің төрайымы бір ауыздан Көшербаева А болып сайланды. 1. Саржанова М 2. Сейтханова Н ата-аналар бір дауыстан ата-аналар комитетінің мүшесі қылыш шешім қабылдады.

Балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова «Баланың балабақшасы бейімделуі» тақырыбында баяндама оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүтінгі бұлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүтінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады.

Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне иғі әсерін тигізеді.

2. Тыңдалды. Отken іс-шараларды талдау бойынша балабақша менгерушісі З.Амирсеитова сез алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҰІӘ өтті. Басты мақсат: балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту “Отан” туралы түсініктерін көнектізу.

ҰІӘ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпақтар айтып әндер орындаады.

Және де биылғы оку жылышының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда “Қош келдің Алтын күз”тақырыбында мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен, балалар мерекелік киім киген. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтты. Бірақ ортаңғы “Ақбота” ересек “Аққу” топтарының дайындығы аздау болған сияқты. Келесі іс-шараларға көп көңіл бөліп жауапкершілікпен дайындалады деген сенімдемін.

3. Тыңдалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық үйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау туралы балабақша менгерушісі З.Амирсеитова айтып өтті.

Күрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҰІӘ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс шара өткізесіздер. Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

4. Тыңдалды. «Балабақшада инклузивті білім беру» тақырыбында тәрбиеші Л.Айтуреева баяндама оқыды. Инклузивті оқыту- мүтедек пен дамуында сәл бұзылуышылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сай балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жөнілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклузивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оку орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсene қатысуға мүмкіндік береді, олардың тен құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасина қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклузивті оқытудың -негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шенберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындан алатын әрекеттің жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын көнектізу.

Инклузивті бағыт кемтар балаларды окуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен тендей білім алушына жағдай жасау қажет.

Ал, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелу ерекшелікті қажет етеді. Ата-ананың тарапынан ұстамдылық, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттер болуы

тиіс. Отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнын халқымыз « үяда не көрсөң , үшқанда соны ілерсің» деген даналық оймен түйе білген. Кемістің түріне де және күрделілік деңгейіне байланысты балаларды тәрбиелеу мүмкіндігі де өзгеріп отырады.

Арнары әдістерді пайдалана отырып, тәрбиеші бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тікелей түзетуге ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу кезінде жаттығу түзетудің арнары әдістерінің бірі болып табылады. Жаттығуларды орындаі отырып бала өзін ортада дұрыс ұстауға, мейірімділікке, төзімділікке үрненеді. Бірақ жаттығуга толығымен жүгінде балаларды агрессияға, мінезіндегі қиқарлықты тудыруы мүмкін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін.

Жауапты: тәрбиешілер.

Балабақша менгерушісі:

З.Амирсеитова

Хатшы:

Ж.Кулыншакова



Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №4

27.01.2023ж

Катысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Откен іс-шаралардың қорытынды талдау.
3. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша тақырыптық тексерудің топтың бағдарламаны игеру деңгейі (аралық маниторингтың қортындысы).
4. 8-наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні -Наурыз» ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарын талдау, бекіту;

Тындалды; Балабақша менгерушісі: З. Амирсеитова откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

Тындалды: балабақша әдіскері: Ж.Кұлыншакова 2. Откен іс-шаралардың қорытынды талдау. Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу, Отан туралы түсініктерін кеңейту, патриоттық сезімдерін ояту. Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу. Осында мақсатта өткізілген іс шара қанағаттанарлық. **«Жаңа жылдық мереке»** Мақсаты: Балаларды жасыл шыршамен таныстыру, жаңа ән айтқызу, қыс ерекшелігімен таныстыру. **Кейіпкерлер:** Аяз ата, ақшақар. Сайқымазақ. **Жүргізуши:** Сәлеметсіндер ме балалар біз бүгін жаңа жыл мейрамын тойлағалы отырмыз сендер өте әдемісіндер бүгін, ал ендеше кешімізді әнмен бастайықшы. **Ән:** «Кішкентай шырша» **Жүргізуши:** Ал, балаларқалай ойлайсындар жаңа жылдық мерекемізге кімдер жетіспей түр деп ойлайсындар. **Және** де театр шақыртып балаларға керемет көніл күй сыйлады.

3. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша тақырыптық тексерудің топтың бағдарламаны игеру деңгейі (аралық маниторингтың қортындысы). Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.

Білім беру салаларына сәйкес 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру; • жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында

МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың күзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуі жалғастыру; • әр баланың күзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалармен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етіңіз.

Келесі жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және денсаулықты сақтау.

4.8-наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні -Наурыз»ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарын талдау, бекіту; Балабақша менгерушісі: З. Амирсейтова Ана деген адамзаттың данасы Ана деген сәбілердің панаы Ана деген жарық жүлдyz шырағың Ана деген қайнар ыстық бұлағың ақ жаулықты аналар, сүйікті қыздар! Көктемнің алғашқы мейрамы «8 - наурыз Халықаралық әйелдер күнімен» және Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтауға керемет жоспар түзілсін.. 22-Наурыз ұлыстың ұлы мерекесіне орай ата аналардың өтініші бойынша бесіке салу рәсімін өткізуі жөн көрдік. Тақырыбы:

Ұлттық салт – дәстүрлер түрлері: Бесікке салу

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт - дәстүр түрлерімен, соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып, балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын, дene мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.

Міндеттері:

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс атай білуге, тілдерін тақпактар арқылы жетілдіру
2. Ойлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту
3. Адамгершілікке, тазалыққа, ұлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға, бір - біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: шүмек, түбек, тыштыма, жөргек, аяқ бау, қол бау.

Көрнекіліктер: Бесік, бесік жабдықтары, куыршак, ұлттық бүрші.

Әдіс тәсілдер: 1. Бесік жырынан үзінділер оқу.

2. Бесікке салу рәсімін көрсету.

3. Дене мүшелерін атау.

4. Сұрақ жауап, түсіндіру

Осылай ата ана Босынова Жақсыгүл қызын бесікке салуды балабақшада ата ана ретінде ұсыныс жасаған ата аналардың бірі ата ананың өтінішін орындаپ және ұзақтың дәстүрлерінің бірі.

Шешім

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалсын.
2. Отken іс-шаралардың қорытынды талдансын.
3. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша тақырыптық тексерудің топтың бағдарламаны игеру деңгейі (аралық мониторингтың қортындысы) жасалсын.
4. 8-наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні -Наурыз» ертеңгіліктерінің іс-шара жоспарын талдау, бекітілсін.



Жиналыш төрайымы, 3. Амирсеитова
Хатшы Ж.Кулыншакова

Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №5

29.03.2023ж

Катысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Топ бөлмелерін, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы.
3. Өткен іс шаралар қортындысын талдау.
4. «Серуеннің ұйымдастырылуы бойынша салыстырмалы тексерудің қортындысы
5. 1-мамыр, Бірлік күні, 7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр жеңіс күнінің іс-шара жоспарын талдау, бекіту;

Тындалды; Балабақша менгерушісі: З. Амирсеитова өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық

1. 2. Тындалды топ бөлмелері балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу туралы. Балабақшамызда гүлдер өте көп егілді әсіресе «Аққұ» тобының және «Айгөлек» топтарының ата аналарына мың алғыс тәрбиеші А. Уразбаева Л. Айтуреева ата аналардың жүргіне жол тауыпта аналардың үлесі орасан зор деп айтуда болады бір топта 30 ға жуық гүлдің бар болуы керемет корметкіш осы гүлдерді өлтіріп алмай жақсы қарастырауды.
2. Өткен іс шаралар қортындысын талдау. Қанағаттанарлық.

3. «Серуеннің ұйымдастырылуы бойынша Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызғушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып, қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандар мен мен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зерттеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқа да әрекеттер барысында жүзеге асады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым – қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала-қоршаған ортаны қызғушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әректтерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады.

Көрнекті психология С.Л.Рубенштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамыттын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп, қарастырады. Бұл жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындаиды. Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс үйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік тұғызыса, екіншіден бақылауды жүргізе қойылатын талаптар сақталады. Балалардың танымдық құзіреттілікті менгеруі, бақылау нәтижесі педагогтың қолданатын әдістәсілдері мен бақылауды үйымдастыруына тікелей байланысты. Баланың жан-жақты дамуы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасы негізде қалыптасады. Бұл тұрғыда «Сезіну –танып білу –жүзеге асыру»-осы үш бағытта жұмысты үйымдастыру қажет. Ол үшін тиімді әдіс – тәсілдерді таңдау алудың маңызы зор.

Серуен –Мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін үйымдастырудың режимдік сәттердің негізгі бөлігінің бірі. Серуеннің мақсаты – бала денсаулығын нығайту, шаршаудың алдын – алу, денесін шынықтыру, түрлі әрекеттер нәтижесінде организмде болған функционалдық өзгерістерді реттеп, қалыпқа келтіру.

Серуеннің міндеті: Қарапайым жағдайда организмді шынықтыру. Мектеп жасына дейінгі баланың физикалық даму деңгейін арттыру. Баланың қимыл-белсенділігін арттыру

4. 1-мамыр, Бірлік күні, 7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр жеңіс күнінің іс-шара жоспарын талдау, бекіту Тәрбиеші: Балалар! Бүгінгі күн ерекше, өйткені бүгін 1 мамыр — Інтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. «Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен куанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайык. **Балабақшада Отан қорғаушылар күніне арналған ашық сабак өткізу – бұл кішкентай бұлдіршіндердің патриоттық сезімдерін оятуға және олардың қоғамдағы және отбасындағы қорғаныс қызметтерінің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектеседі.** Мұндай сабакты қызықты және түсінікті түрде үйымдастыру үшін ойын элементтерін, визуалды материалдарды және интерактивті әрекеттерді пайдаланған жөн. Мақсаты: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оны қорғауға баулу. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу. Әнге деген қызығушылықтарын ояту, ән туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық есту, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Шешім

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Топ бөлмелерін, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізсін.
3. Откен іс шаралар қортындысын талдансын.
4. 1-мамыр, Бірлік күні, 7-мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр женіс күнінің іс-шара жоспарын талдау, бекітілсін.



3. Амирсентова

Ж.Кулыншакова

Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №6

01.07.2023ж

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Откен іс-шаралардың қорытынды талдау.
3. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша тақырыптық тексерудің топтың бағдарламаны игеру деңгейі (қорытынды мониторингтың қортындысы).
4. Қош бол балабақша іс-шара жоспарын талдау, бекіту;
5. Жалпы педагогтардың диагностикасы.

Тындалды; Балабақша менгерушісі: З.Амирсеитова откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық

3. Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша тақырыптық тексерудің топтың бағдарламаны игеру деңгейі (аралық мониторингтың қортындысы). Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру.

Білім беру салаларына сәйкес 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру; • жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізу ді жалғастыру; • әр баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу.

Балалармен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етіңіз.

Келесі жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және денсаулықты сақтау.

Тындалды: Балабақша тәрбиешісі: Уразбаева Айман Қонақбаевна ата-аналар біздің кішкентай бөбектеріміз үлкен азамат болып, мектеп табалдырығын аттауға кеткелі тұр. Бойларындағы бар өнерлерін сіздерден аяマイ барынша тырысып көрсетемін. 2022-2023 оку жылындағы бітіргелі тұрган бұлдіршіндеріме ақ жол тілеймін, бөбектер. Балабақшада өткізген қызығы мен шылжығы мол, алаңсыз тәтті күндерінен естелік болсын деп дайындаған фото-сурет топтамасын әзірлеп жатырмын. Сол естелігімізді балаларымызға жақсы естеліктерге тола күндер етіп өткіемін.

Шешім

1. Қош бол балабақша іс-шара жоспарын талдау, бекітілсін.



Жиналыс төрайымы:  З.Амирсенитова

Хаттық:  Ж.Кұлышакова

Менгеруші жаңындағы кеңес

Хаттама №7

01.07.2023ж

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Откен іс-шаралардың қорытынды талдау.
3. Сауықтыру шаралары дұрыс жүргізілуі.
4. Балаларды тамақтануы рационды қадағалау.
5. Жөндеу жұмыстары туралы.

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі: З.Амирсеитова откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.

6. Откен кеңес шешімдерінің қорытынды талдау «Қош бол балабақша» өз дәрежесінде етті ата аналар балапандарының 1-жасқа есейгенін көріп мектеп табалдырығын аттайын деп тұрган балапандарының өскенін байқамай және де бақша ұжымына үлкен ризашылдықтарын білдірді.
- 3.Сауықтыру шаралары дұрыс жүргізілуі. Тыңдалды; Балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова** Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен қунді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шындауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Бұл уақыттағы біздің негізгі міндетіміз – өсіп келе жатқан ағзаның демалуға, шығармашылық белсенділікке және қозғалысқа деген қажеттілігін мүмкіндігінше толық қанағаттандыру. Сауықтыру, танымдық және ойын-сауық сипатындағы іс-шаралардың нақты жоспарланған жүйесі балалардың физикалық және психикалық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге

көмектесуін қадағалай отырып ұйымдастырылады. Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталады. Сауықтыру жұмыстарын жоспарлау кезінде мен әдіскер ретінде келесі қағидаларды ұстануды жөн санаймын: профилактикалық, шынықтыру және сауықтыру технологияларын кешенді пайдалану, шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын үздіксіз жүргізу; қарапайым және қол жетімді технологияларды қолдану.

4.Балаларды тамақтануы рационды қадағалау Тындалды;
балабақша медбикесі: Т.Сариева Дұрыс дайындалған тамақтың балалар мен жасөспірімдердің денесі мен ақылның бірқалыпты дамуы үшін мәні зор. Тамақтың жетіспеуі балалардың бойының өсуі мен дамуын кешеуілдетіп, организмнің әр түрлі ауруларға қарсыласуын төмендетеді, ал артық тамақтану — зат алмасу процесін бұзып, астын қорытылуына зиянын тигізеді. Тиімді тамақтану балалар мен жасөспірімдердің жасына қарай организмнің негізгі нәрлі заттарды қажетсінуін және олардың ара қатынасын ескере отырып ұйымдастырылуы қажет Дұрыс тамақтану балалар денсаулығының негізі болып табылады және өмір бойы пайдалы болады. Баланы ерте жастан бастап дұрыс тамақтануға үйрету оған ересек өмірде тамақтануға он көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

5. Жөндеу жұмыстары туралы МҚҚК №3 «А.Әуметхан» бөбекжай балабақшасының аумақтарын көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалау жөнінде «Тазалық эстафетасын өткізу» мақсатында жүргізілді.

№ р/н	Орындалған жұмыс түрлері	Өлшем бірлігі	Көлемі
1	Қоқыстарды шығару	кг	750кг
2	Әктелген ағаштар	дана	95
3	Аяқ жолдары тазалау	шқ	135 м ²
4	Балалар алаңшаларын ретке келтіру	дана	5
5	Сенбілікке қатысқан адамдар	адам	18

Шешім


1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалсын.

Сауықтыру шаралары дұрыс жүргізілсін.

Балаларды тамақтануы рационды қадағалансын.



Жиналтыс төрлеймисі:
Хатыны:

 3. Амирсеитова
 Ж.Кулыншакова